



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№41 (1823)
13 қараша
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Мексика тарихы қазақ тіліне аударылмақ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Мексика Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Хосе Луис Мартинес Эрнандес бастаған делегациямен кездесу өткізді. Тараптар екі елдің білімі мен ғылымын дамыту мақсатында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады.



асырылуда. Сонымен қатар университет ректоры ҚазҰУ-дың Мексика университеттерімен жасалған келісімдері туралы ақпарат берді. «Мексиканың ұлттық автономды университетімен ынтымақтастық шеңберінде жасалған келісімді жоғары бағалаймын. Осы келісім аясында теориялық және ядролық физика саласындағы ғылыми-зерттеу жобалары іске асырылды. Сондай-ақ студенттердің тәжірибе алмасуынан бөлек, «Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік мамандарды тарту» бағдарламасы шеңберінде дәрістер оқу және ғылыми басшылықты жүзеге асыру үшін жетекші ғалымдар белсенді түрде тартылуда», – деп атап өтті университет ректоры.

Хосе Луис Мартинес Эрнандес ректорға Мексика ұлттық автономды университетінің жұмысы туралы ақпарат берді.

Жалғасы 2-бетте

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақ елінің жаңа дәуірі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференция өзегі – «Қазақстандық даму жолы»



Айтулы шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Сенаты мен Мәжіліс депутаттары, Алматы қаласы әкімдігінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, тарихшы ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Конференцияның ашылуында ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтау хатын ҚР Парламенті Сенатының әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Мұрат Бақтиярулы оқыды. Хатта: «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына байланысты іс-шаралар халыққа рухани серпіліс әкелуі қажет. Бұл тарихи датаның мәні мен маңызын халыққа түсіндіру, ашып көрсету өте маңызды. Осы тұрғыдан алғанда «Қазақ елінің жаңа дәуірі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның берері мол», – делінген.

Сонымен қатар ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулиннің, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің және Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың құттықтау хаттары оқылды.

Жалғасы 2-бетте

Көсемсөз шебері дәріс оқыды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымының докторы, профессор Сауытбек Абдрахманов 70 жылдық мерейтойы аясында «Журналист жүгі» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.



Жиналғандар әуелі көрнекті қаламгердің қызметі мен шығармашылығына арналған «Сауытбек Абдрахманов: Қайраткер. Журналист. Редактор» атты кітап және фотокөрмесін тамашалады. Онда көсемсөз шеберінің әр жылдары жарық көрген кітаптары мен қызмет жолын баяндайтын шығармашылық еңбектері мен зерттеу жұмыстары қойылған.

С.Абдрахмановтың Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы Әбіш Кекілбаев туралы жазған «Абыз Әбіш»

атты монографиясы, әлемнің классик ақын-жазушылары жайындағы «Біздің Пушкин», «Төлтума мен телтума», «Перевод поэзии и поэзия перевода», «Тәуелсіздік шежіресі», «Адамзат күнтізбесі» атты туындылары әдебиеттің алтын қорына айналды.

Сауытбек Абдрахманов еңбек жолында республикалық «Егемен Қазақстан» газетін абыройлы басқарды. Елдегі ең ірі саяси оқиғалардың куәсі бола жүріп жазған шұғыл репортаждары мен танымдық сұхбаттары арқы-

лы «Сегіз күнде бес елден» ақпарат тарата алатын әмбебап екенін дәлелдеді.

Жүздесу барысында қоғам қайраткері Сауытбек Абдрахманов журналистердің қоғам алдындағы жауапкер-

шілігі, жас мамандарды даярлау ісінде тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қарайтын түйткілді мәселелерге назар аударды.

Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ




Рахила НАРАЛИЕВА:
Тәуелсіздік білім беру саласына жаңа бағыт әкелді

4



Последний новатор-романтик

5



Бекіре балығын бактериялық аурудан қорғайды

6

Мексика тарихы қазақ тіліне аударылмақ



Соңы. Басы 1-бетте

Мейманның сөзінше, Мексикадағы оқу орны білім беру, зерттеу және мәдениетті дамыту сынды үш негізгі бағытта жұмыс істейді. Сондай-ақ ол ҚазҰУ басшысын Мадрид автономиялық университетінің ректорымен кездесуін ұйымдастырғысы келетінін жеткізді. «Ректорлардың танысуы екіжақты қарым-қатынасты одан әрі арттыруға негіз болады», – деп санайды Хосе Луис Мартинес Эрнандес.

Сонымен қатар сұхбат барысында Мексика Құрама Штат-

тарының Қазақстандағы елшісі 150 беттен тұратын «Мексиканың тарихы» атты кітабын қазақ тіліне аудару туралы ұсынысын айтты.

Кездесу соңында Хосе Луис Мартинес Эрнандес серіктестікті одан әрі арттыру маңызды екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ бірлескен жобалар бойынша жұмысты одан әрі жандандыруға дайын екенін жеткізді. Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарға жұмыс сапарымен келгені үшін алғыс айтып, «FARABI» кітабын сыйға тартты.

Конференция өзегі – «Қазақстандық даму жолы»



Соңы. Басы 1-бетте

ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулиннің конференцияға қатысушыларға жолдаған хатында: «Мемлекетіміздің тағдыры мен болашағы әрбір Қазақ елі азаматының, әсіресе білімді де талапты жастардың қолында. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ осы жолда ерекше рөл атқарып отыр», – делінген.

Конференция барысында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова онлайн қосылып, «Тәуелсіздік тұғырын нығайтуда ҚазҰУ-дың үлесі зор. Отандық ғылым, білім саласының білікті кадрлары егемен еліміздің кемел келешегін қалыптастыруға елеулі үлес қосып келеді», – деді.

Жиынға қатысушылар Қазақстанның әлемдік қауымдастық-

тағы алатын орны мен маңызын, сыртқы саяси қатынастарының қалыптасу үдерісі туралы келеді ойларын ортаға салды.

Конференцияда ұлт тарихындағы маңызды оқиғаларға шолу жасалып, тәуелсіздігіміздің бастауында тұрған тұғырлы тұлғалар туралы да кеңінен сөз болды.

Жиын қорытындысында ғалымдар «Бүгінгі конференция тәуелсіз Қазақстан тарихының әлемдік деңгейде зерттелуіне жаңа серпін береді» деп атап өтті.

Ұлтмыздың жаңа дәуірдегі тарихын зерделеген конференция материалдары алдағы уақытта арнайы жинаққа топтастырылып, тарихшылар қауымына, ізденіс жолындағы жас ғалымдар мен білім алушыларға ұсынылатын болады.


Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биолог ғалымдары әлемдегі аса танымал «Шпрингер» баспа үйінен жарық көрген «Микробиологиялық қауымдастықтар және олардың экстремалды ортадағы өзара әрекеті» ұжымдық монографиясында ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялады.

болуымен байланысты және сәйкесінше өнеркәсіптік биотехнология үшін қызықты микроорганизмдердің бірегей қауымдастықтарына ие. Сондай-ақ ғалымдар термалды бұлақтардың әртүрлілігі, олар-

ҚазҰУ ғалымдарының еңбегі әлемдік монографияда жарияланды

Ғылыми басылым Scopus деректер базасына енеді және экстремофильді микроорганизмдердің биологиялық алуантүрлілігі мен оларды биотехнологияда қолданудың өзекті мәселелеріне арналған. Ал Springer – әлемдегі ең беделді ғылыми баспа, оның монографияларын әлемнің түкпір-түкпірінен ғалымдар оқып, сатып алады.

Мұндай жоғары нәтижеге қарашаңырақ ғалымдары халықаралық серіктестермен бірлескен «Микробтық биотехнология аясында зерттеуге негізделген жоғары білім беру желісі» жобасы аясында қол жеткізді. Монографияға кірген сегіз бөлімнің екеуі ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі. «Ауыр металдарға микробтық стресс реакциясы» және «Қазақстанның жылу көздерін талдау және сипаттау» атты бөлімдердің авторы ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің оқытушылары: А.Қыстаубаева, Л.Игнатова, А.Машжан және И.Савицкая. Шетелдік соавторлар: Нилс-Каре Биркеланд (Норвегия), Дильфуза Егембердиева (Германия), Овик Паносян (Армения), Ван-Джун Ли (Қытай).



«Ауыр металдарға микробтық стресс әсері» тарауында барлық тірі организмдерге, соның ішінде микробтарға аса қауіп төндіретін ауыр металдармен қоршаған орта ластануының жаһандық экологиялық мәселесі қозғалды. Сонымен қатар бұл тарауда ауыр металл иондарының мырыш, мыс, марганец және қорғасынға көп төзімділігі бар микромицеттердің өсуіне әсерін зерттеу туралы ақпарат берілген.

Келесі бөлімде ғалымдар Қазақстанның жылу көздерін талдап, сипаттайды. Елімізде термалды сулар кең таралған, бұл суы бар тау жыныстары үлкен тереңдікте жатқан үлкен артезиандық бассейндердің

дың температуралық режимі, судың химиясы және олардың микробтық алуантүрлілігіне сипаттама береді.

Осылайша әлемдік ғылыми кеңістікке ықпалдасу арқылы ҚазҰУ ғалымдары университет мәртебесін көтеруге қомақты үлес қосуда. Шетелдік әріптестермен тиімді ынтымақтастықта бірлесе жұмыс істеу – университет ғалымдарының бәсекеге қабілеттілігінің айқын көрсеткіші. Бұл монографияның шығуы қазақстандық ғылымның әлемдік озық жетістік деңгейіне жетуіне де өзіндік ықпал етері сөзсіз.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы факультет декандары мен кафедра меңгерушілері ҚР Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы және Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты өкілдерімен онлайн кездесті.

қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі жетілдіруге ықпал ете алатыны атап өтілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Қолданбалы эт-

Этносаяси зерттеулер саласындағы ынтымақтастық

Алдымен ҚР Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Ерлан Әбдақасов және ҚазҰУ-дың академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Фатима Жақыпова сөз сөйлеп, этносаралық қатынастарды зерттеу саласындағы ынтымақтастықтың өзектілігін атап өтті.

Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының директоры Талғат Қалиев институт қызметі жайлы әңгімелеп, елдегі этносаралық қақтығыстардың алдын алу мәселелері бойынша жүргізілген қолданбалы зерттеулермен таныстырды. Ал институт директорының орынбасары Айгүл Сәдуақасова этнология, этнолингвистика, этносаясат, этноконфликтология, этносаралық қатынастар және этнопрофессионалды қатынастар мәселелерін зерттеудің келешегіне егжей-тегжейлі тоқталды.

Жиынға қатысушылар ұлт-аралық және конфессияаралық келісім, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға бағытталған жаңа ғылыми жобаларды әзір-



леу қажеттігіне ерекше назар аударды. Бүгінгі жағдайда этносаралық қатынастарды дамытудың әлемдік үрдістерін одан әрі зерделеудің маңызын алға тартты.

Сондай-ақ басқосуда зерттеу топтарын құру және бірлескен ғылыми жобаларды іске асырудың негізгі жолдары талқыланды. Этносаясат саласындағы докторлық және магистрлік диссертациялар тақырыбы ұсынылды. Болашақта осы зерттеулердің нәтижелері басқа зерттеулермен қатар, этносаралық

этносаяси зерттеулер институтының сарапшылары университеттегі білім беру бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу және өзектендіруге шақырылды.

Жиын нәтижесінде ғылыми-сарапшылық қоғамдастықтың өзара тиімді әріптестігі бойынша нақты қадамдар айқындалды.

Гүлнар НАСИМОВА,
Саясаттану және
саяси технологиялар
кафедрасының
меңгерушісі



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың арнайы шақыруымен білім ордасы студенттері алдында көшбасшылық дәріс оқыдым. Тақырып ұсынған кезде өзі бастан «Журналист жүгі» деп атадым. Журналистің өмір жолы қалай қалыптасады, қандай белестерден өтеді, тәуір жетістіктерге жету үшін қойылатын талаптар салмағы қаншалықты деген тұрғыда әңгіме өрбіттім. Менің дәрісімнен білім алып жатқан көгенкөз қыз-жігіттер «егер өз бойында талап пен ізденіс болса, өмірде біраз жерге баруға екен ғой» деп өнеге алса, ой түйсе, соның өзі жетіп жатыр.



Көңілдеріңізге келмесін, журналист болу үшін данышпан болу шарт емес, журналист болу үшін кәсіби маман болу керек. Ең бастысы, кәсіби қалам иесі болу. Мұны қалай түсінеміз? Анығында, жазғың келмейтін тақырыпты жаза алу, барғың келмейтін жерге

Журналистер біледі, танымал адамдарды ұстау қиын, олар қалта телефонын көтермейді. Көбі әдеби агенттің қызметіне жүгінеді. Ол кісі мені елге қарай ұшатын күні сағат төртке шақырды. Мәскеуден қырық шақырым жердегі имениесіне бардым. Қолым-

Сауытбек АБДРАХМАНОВ, Мәжіліс депутаты

Қабырғалы қаламгерлер ҚазҰУ-дан шыққан

бара білу, көтергің келмейтін мәселені көтере алу, қандай да бір іс-шараға тез жүгіріп жету, операторға штатифті көтеруге көмектесіп, жылдам көлікке міну, тез монтаж жасап үлгеру. Сөйтіп, оны сағат бесте болатын жаңалықтарға ұсыну. Ұсынып үлгермесең, жаңалықты бес жарымда беріп жіберетін өзге арналар толып жатыр. Міне, осының бәрі – кәсіби біліктілік. Журналист осындай білікті меңгеруге тырысуы тиіс.

Біз өтпелі кезеңде өмір сүрген адамдармыз. Қытай халқында тілекке де келетін, қарғыс та болуы ықтимал, енді біреулер халық нақылды десе, тағы біреулер Конфуцийдің айтқаны дейді, әйтеуір, «Өтпелі кезеңде өмір сүр» деген бір сөз бар. Меніңше, осы сөз тілекке жақындау сияқты. Өйткені оның түбінде от пен суды көр, шыңдал, шынық, маңдай терінді төк деген түсінік бар-ау деп болжаймын. Біз түрлі формациялардың ауысқанын бастан өткердік. Кеңестік жүйеде жұмыс істеп, жаңа өмірге бейімделе білген адамдармыз. Тіпті сол жүйенің артықшылығын да көрдім. Кешегі өткен заманды оңды-солды қаралай беруге болмайды, тек қана жамандықтан тұратын жүйе болуы мүмкін емес. Журналистикада да сол заманның үздік үлгілері болғанын айту керек, соларды оқып-үйренуге, көңілге тоқуға болады. Мәселен, қазақтың қабырғалы ақын-жазушылары осы ҚазҰУ-дан шыққан. Кезінде бір ғана курста Тұрсын Жұртбай, Жүрсін Ерман, Несіпбек Айтұлы, Асқар Егеубаев сынды ірі қаламгерлер білім алды. Қазір сондай үрдіс бар ма? Міне, осы мәселеге де көңіл бөліп қойған абзал.

«ЕҢ ЖАҚСЫ МАМАНДЫҚ ТАҢДАҒАН БАҚЫТТЫ АДАМСЫЗДАР»

2005 жылы Мәскеуге барған бір сапарымда Андрей Михалков-Кончаловскийден сұхбат алдым.

да үш кассета бар еді, үшеуі де әңгімеге толды, әрі қарай қолмен жазған болып тұртып отырмын. Қандай білімді адам, білмейтіні жоқ, Абылай хан, Шоқан туралы көсіле сөйледі. Тоқтайтын түрі жоқ. Әуешайға жетуді ойлап тықырып отырмын, кептеліс бар дегендей. Аяғында «сіздің уақытыңызды алдым, кешіріңіз» десем, «Жоқ, мен қолы бос адаммын», – дейді. Болмаған соң сағатыма қарадам, бұл журналист үшін дөрекілеу әдеп болса да, солай істеуге тура келді. Сөйтіп, зорға қолым жеткен адамнан әрең қашып құтылғандай болып едім.

Кезінде Төрегелді Шармановпен екеуара әңгімеден қызық сұхбаттар жазылды. Эдуард Шеварднадзеден алған сұхбатым да ерекше еді. Оның баспасөз хатшысы «қырық бес минут уақыт беремін» деді. Мен «бұл қалай, Қазақстаннан арнайы келіп тұрмын» десем де, бой бермейді. «Үлкен адам, көп сөйлетуге болмайды» дегендей ыңғай танытты. Бір сағат әңгімелескеннен кейін хатшысы дегбірісіденіп кетті. Қайта-қайта ымдайды, мен көрмегендей боламын. Әлден уақытта ол кісіге «сізбен әңгімелесуге бір сағат уақыт беріп еді, бір жарым сағат өтіп кетті» деп едім, баспасөз хатшысына қабағын шыта қарады. Содан не керек, екі жарым сағат әңгіме айтты. Жарықтық өте баяу сөйлейтін адам еді.

Тәуір сұхбат алу журналистің шеберлігіне байланысты. Тіпті кей кездері қулыққа да баруға тура келіп жатады. Осыдан 45 жыл бұрын, 1976 жылдың жазында Мәскеуде жас журналистердің бүкілодақтық семинар-кеңесі өтті. Идеологияға ерекше көңіл бөлінетін кез. Жиырма бес пен отыздың арасындағы сайдың тасындай жігерлі жастар алдында кеңес журналистикасының кілең бір ығайы мен сығайы сөз сөйледі. Бай тәжірибесін бөлісті. Солардың бірі – атағы жер жарған публицист Генрих Боровиктің жур-

налист қызметінің қадірі мен қасиеті жайында айтқаны есімде қалды. «Мына дүниеде жүздеген адамның өмірін сүріп көргендей күй кешетін, ондаған кәсіп иелерінің тыныс-тіршілігін тула бойымен сезінетін екі мамандық бар. Олардың қандай мамандық екенін білесіздер ме?» деп сауал тастады. Осы кезде қол көтерген бір жігіт: «Ол – актер». Актер хан да, қара да бақташы, солдат та болады...» дегендей жауап қайырды. «Ал екіншісі қандай мамандық, кім не айтады?» Ешкім үндемеді. Жауап болмағандан кейін өзі «екіншісі – журналист» деді. Мұны естіген соң, бәріміз серпіліп сала бердік. Сөйтті де, мэтр сөзін былай жалғады: «Журналист бір аптада дәрігердің, келесі аптада мұғалімнің, одан кейінгі аптада спортшының ішкі дүниесіне еніп, солардың кейпіне кіріп жатады. Сол кәсіп атаулының бәрінің жай-жапсарын жан-тәнімен сезіне алады. Сондықтан сіздер мына қысқа өмірде тіршіліктің барынша көп қырын көруге мүмкіндік беретін ең жақсы мамандықты таңдаған бақытты адамсыздар», – деді. Осы сөзді ешқашан есімнен шығарған емеспін. Мұны мен журналистік жолды таңдаған жастар біле жүрсін деп үнемі айттып жүремін.

ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ МҰРАТЫ – ӘЛЕУМЕТТІК ОПТИМИЗМДІ ОРНЫҚТЫРУ

Қазақ халқының даналығында «Тоқсан тоғыз бәле бар, жүз жақсылық және бар» деген нақыл бар. Рас, жасырмаймын, мына өмірде кері кеткен кемшілік те көп, өркен жайған өзгеріс те аз емес. Бірақ арна рейтингі үшін, журналист танымалдығы үшін күнгей мен көлеңкени балансын бұзып көрсетуге болмайды. Бәрі де салыстыра қарағанда айқындалады. Бір ғана фактіні айтайын. Орыстың «факты – упрямая вещь» деген сөзі бар ғой. 19 миллион халқы бар Қазақстанның

ішкі жалпы өнімі халықтың жиынтық саны 50 миллионнан асатын төрт елдің – Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан мен Тәжікстанның ішкі жалпы өнімдерінің көлемін қосқандағыдан жату артық. Журналистикадағы отаншылдықты елдегі жағдайды жаппай мақтау деп ұғынудың жөні жоқ. Қазір бажайлап қарасаңыздар, ақпараттың 80 пайызы – негатив, 20 пайызы – позитив, кей жағдайда негатив 90 пайызға жететіні жасырын емес. Мысалы, бір жерде бір балабақша ашылса, ол жайында ақпарат берілмейді. Елең қылмайды. Оның үстіне азаматтық журналистиканың дүниеге келуі, қалыптасуы да кәсіби журналистердің жұмысына жаңа қиындықтар туғызуда. Мысалы, тележурналист қанша жаныққанымен, қандай да бір оқиғаны арна кестесіндегі жаңалықтар уақытына дейін эфирге шығара алмайды. Ал блогерлер болсын, жай интернет қолданушылар болсын, әлгі оқиғаны дереу әлеуметтік желіге салып, жер-жаһанға таратып үлгереді. Жазғаны таңертеңге дейін жарық көре алмайтын газет тілшілері жайында ештеңе айта алмайсың. Ендігі жерде кәсіби журналистиканың қадір-қасиетін жаңалықты жеткізудегі жарыс емес, сол жаңалықты талдап, түсіндірудегі жарыс, яғни осы жолдағы жеңіс қана сақтап қалатын сияқты. Оның үстіне халықтың негізгі бөлігінің ақпаратты да, білімді де интернеттен іздеуге ауысқанына байланысты дәстүрлі ақпарат құралдарының өнімдеріне сұраныс азайып барады. Сондықтан блогер журналистиканы кәсіби деңгейде тұжырымдап, оқытуды қолға алу керек. Тіпті студенттерге пост жазудың қыр-сырын, стилін үйрету қажет.

Журналист көп оқуы керек. Радионың негізгі ақпарат құралы ретінде мүмкіндігін әлі де толық тани алмай отырмыз. Мысалы, мен көлік нарығын зерттеп көрдім, автордио – ең көп ауди-

тория жинайтын ерекше сала. Ал ұсыныс сураныстың деңгейіне байланысты болады. Әсіресе нарық жағдайында. Журналистиканың бір миссиясы – әлеуметке барды бардай көрсету. Өңкей жағымсыз жаңалық таратып, сенімді жоғалтуға, үмітті үзуге жұмыс істеуге болмайды. Қиратуға, сындыруға, жамандауға болады, бірақ оның да шегі болуы керек. Ел құрдымға кетіп бара жатыр дегенді жөнсіз айтып-жазып, «қаралы картина» қалыптастыру қисынсыз. Қазір әлемде мемлекеттігі танылған 193 ел бар. Мемлекет құра алмаған, ондай бақыт бұйырмаған ұлттар қаншама. Саны қазақты төрт есе орап кететін ұлттар бар, солардың өзі жалауын желбіретуге алақандай төбе таба алмайды, тіпті автономиясы жоқ ұлттар да бар емес пе? Мысалы, күрд ұлтын алайық. Кезінде крест жорығын тоқтатқан әйгілі Саладдин ұрпақтары ғой, мәмлүктердің бәрі осы Саладдинге табынған. Қазіргі күйі бәрімізге аян. Ал ұйғырдың тарихын, мәдениетін, көне жазуын, симфониялық музыкасын білетіндер түсінеді, солармен салыстыра қарағанда бізде тәубе дейтін жағдай басым. Кезінде өзімізді мұсылман қылған, сауатымызды ашқан татарларды алайық. Бізге қызыға қарайды. Сол сияқты Шешенстан дара ел бола алмайды, оған империя мүмкіндік бермейді. Демек, бізде мүкіршілік ететін жағдай аз емес. Журналистиканың мұраты да, миссиясы да – ең алдымен әлеуметтік оптимизмді орнықтыру. Келешекке, болашаққа сенім жоғалмаса, бірте-бірте бәрі болады, болмай қоймайды. Сенім болса, серпіліс те болады. Әлемнің 60-қа жуық елінде болдым. Бірақ Қазақстандай ел көргенім жоқ.

ЖАҚСЫ АДАМДАР ӨМІРДІ ТАНУҒА КӨМЕКТЕСТІ

Конспекті дегеніңіз тез жазуға, ойыңды жүйелеп түсіруге қалыптастыратын құрал. Бірде Сәкен Жүнісовтың қолынан қалың дәптер көрдім. «Мынауыңыз не?» деп сұрасам, «Мұқанның (Мұхтар Әуезов) сабағынан жазған конспекті» деді. Содан жата қалып жабыстым. Кейін сол конспекті «Студент жазған конспекті» деген кітап болып шықты. Көп оқыңыздар. Көп оқығанның, талмай зерделегеннің, талғап оқығанның арқасында мен қазір сіздердің алдыңызда тұрмын.

Менің ұстаздардан аузымның салымы болды. Осы қарашаның рақта білім алып жүргенімде бірінші курстың бірінші семестрінде «Социалистік Қазақстан» газетіне беттің төрттен бірін алып жатқан үлкен мақалам басылып шықты. 8-сыныпта оқып жүргенімде ауылға атақты ғалым Зейнолла Серікқалиев келіп, әңгімесін тыңдап, қаты қызыққан едім. Содан Алматыға келгеннен кейін газет редакциясына сәлем беруге бардым. Ол кісі екеуара әңгімеден кейін мені қолөнершілердің көрмесіне жіберді, содан көлемді мақала жазып келдім. Бұл мақала маған бедел әкелді. Өмірде Сағат Әшімбаев, Оралхан Бөкейдің қамқорлығын көрдім. Кейін Асқар Сүлейменовпен араластық. Қазақтың Қалтайының әңгімесін естідік. Осының бәрі маған өмірді тануға, адамды тануға септігін тигізді.

Биыл – Қазақстан Республикасы үшін тарихи тағылымды жыл. КСРО мемлекетінің ыдырап, Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына 30 жыл толуда. Тарих атты алып шежіре үшін 30 жыл қас қағым сәт болар, ал біздің ел үшін тәуелсіздік жылдары – еліміздің толағай табыстарға қол жеткізген тарихи маңызы бар айтулы кезең. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Н.Назарбаевтың парасатты көшбасшылығымен талай қиындықтан өттік, іргетасы берік, қуатты мемлекетке айналдық. Осы жылдары тәуелсіздігіміздің тұғыры берік, саяси бағытымыз тұрақты болып, Қазақстан халқының біртұтас ұлт болып қалыптасу жолында маңызды қадамдар жасалып, тың жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Тәуелсіздік жылдары қазақстандық білім беру саласына жаңа бағыт, тың серпін әкелді. Бұл жаңалық тек жалпы білім беру саласында ғана емес, жеке тұлғалардың интеллектуалдық қабілетін арттырып, қызметін дамытуға, әлеуетін кеңейтіп жатқанынан байқауға болады. Мысалы, кеңестік дәуірде қазақстандық ғалымдардың шетелмен, әсіресе капиталистік алпауыт елдердің

оқу құралдары, оқу бағдарлама жарық көрді. Scopus базасында авторлар серіктестігімен екі мақалам және ресейлік «Интернаука» баспасында ұжымдық монографияда еңбегім жарық көрді. АҚШ, Түркия, Канада, Ресей, Украина, ҚХР, БАӘ, Мысыр, Чехия, АИР, Моңғолия мемлекеттері баспасөздерінде және өткен халықаралық конференцияларда, симпозиумда



Рахила НАРАЛИЕВА, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

Тәуелсіздік білім беру саласына жаңа бағыт әкелді

көрнекті ғалымдарымен, білім ордаларымен байланыс жасау, еңбектерімізді жариялау өте қиын болатын. Қазіргі таңда білім беру саласында шетелдіктермен әдістемелік, ғылыми-инновациялық байланысты тығыз орнатып, ғылыми еңбектерімізді отандық қана емес, әлемдік рейтингте көрсеткіші жоғары Scopus, Web-Science, World-Science т.б. базасында индекстелетін басылымдарда кеңінен жариялай алу мүмкіндігіне қол жеткіздік.

Елбасымыздың, Президентіміздің тіл саясатына қатысты айтқан тұжырымды терең ойларын жүзеге асыру мақсатында отандық білім беру сатысын әлемдік деңгейге көтеруге, көп-үлтты елімізді, біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыратын негізгі фактор – мемлекеттік тіліміздің өрісін кеңейту, қолданыс аясын, бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына енуіне, әлемдік аренаға шығуына жол салатын білім мен ілімнің, ғылым мен техниканың тілі ретінде құзыреттілігі артуына байланысты тіл маманы ретінде үнемі ізденіп жүреміз. Қазақ тілін өзгертпелі аудиторияда шет тілі ретінде оқытудың инновациялық әдістемесін мемлекеттік және жалпы-адамзаттық мәдени кеңістікте ғылыми-теориялық тұрғыдан саралап, оқыту технологиясына қатысты лингвистикалық және инновациялық әдістемелік мәселелерді талдап, зерделеп, отандық білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті қазақ тілін көптілді ортада оқытудың инновациялық кешенді әдістемесін қалыптастыру мақсатында еңбек етеміз.

Педагогикалық шеберлігім, ғылыми әлеуетімді, кәсіби біліктілігімді арттыру мақсатында шетелдік ғалымдармен тәжірибе бөлісу бағытында Кембридж панелінде пікір алмасамын. Республика деңгейінде ғана емес, шетелде өтетін халықаралық конференцияларға, симпозиумдарға қатысу мүмкіндігіне ие болып, еңбектерімді шетелдік баспасөздерде жариялап жүрмін. Мысалы, отандық, шетелдік басылымдарда 150-ден астам ғылыми-әдістемелік, имидждік мақалаларым мен 20-дан астам

ғылыми-зерттеу еңбектерім жарияланды.

Елбасымыз «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «...Білім – біздегі Жалпыға ортақ еңбек қоғамының берік негізі», – деп атап көрсетіп, еліміздің болашағы, берекелі дамуы жолындағы басты стратегиялық бағыт – білім мен ғылымнан бастау алатынына баса назар аударып, «...Бізге ұлттық зияткерлік ұйытқыны жасау қажет, эрудициясы жоғары, сапалы адамдар қажет, олар халықаралық деңгейдегі бәсекелерге лайықты қабілетті болуы шарт. Бүгін білім беру үрдістеріне назар салудың маңызы өте жоғары. Іс-әрекетті орындайтын немесе жасайтын біліктілікті, өмір сүруге үйрететін біліктілікті, заман талаптарына лайықты бірлесіп өмір сүре алатын біліктіліктерді әрбір адамның бойына егу қажет», – деп, отандық, әлемдік білім-ғылым кеңістігі мен еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білімді де білікті маман жастарды тәрбиелеу ісін білім ошақтарынан бастау керек екенін атап айтты.

Елбасымыз бен Президентіміздің жасампаз елдің жарқын болашағы – жастарға қатысты айтқан асыл ойлары мен жарқын да жаңа мақсатын жүзеге асыру жолында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың еңбек ұжымы аянбай еңбек етіп жатқанын сөз жүзінде емес, нақты іс жүзінде жүзеге асыруда. Әлемнің жетекші оқу орындары мен ғылым ордаларымен халықаралық байланыстар орнатуда. Ұлттық рейтингтің абсолюттік көшбасшысы – университетіміз әлемдік білім мен ғылым кеңістігінде өзінің жетістіктерімен әлемдік рейтингті жоғары жетекші оқу орындарының топ-200-дің қатарына енді. Түркі елдері академиясының ең үздік білім ордасы атағын иеленді. Университет жетістіктерінде әрбір факультет, әрбір кафедра ұстазының қажырлы еңбегінің үлесі бар. Сол секілді біздің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті де өзіндік үлесін қосуда. Біздің факультет 2011 жылы 1985 жылы жасақталған шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті-

нің негізінде құрылды. Факультет өзінің қалыптасу барысында көптеген оң өзгерістер мен даму кезеңдерін сәтті өткерді. Факультет ұжымы тіпті 90-жылдары да қажырлы қайратпен жемісті қызмет етті. Қазір ХХІ ғасырда да еңбек жолын сенімді түрде жалғастыруда.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім беру саласында бұрыннан 100-ден астам шет мемлекетпен тығыз байланыс жасайды. Қазіргі уақытта университет өзінің халықаралық байланыстарын кеңейтіп, жетілдіріп, өркендеті отырып, Еуропалық білім беру кеңістігіне сенімді түрде кірігу ісін жүзеге асыруда. Білім беру аясында көптеген әлем елдерімен байланысын кеңейте түсуіне жол ашылды. Мысалы, венгриялық Шандор Ковач деген студент өзінің қыпшақтар туралы ғылыми зерттеуін аяқтау үшін дайындық факультетіне қазақ тілін үйренуге келді. Қазақ ғалымдарының түпнұсқадағы зерттеулерін оқу үшін оған біраз еңбектенуге тура келді. Кейіннен Шандор қыпшақтардың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін әрі қарай зерттеу үшін өзінің өмірін Қазақстанмен тығыз байланыстырды. Қазіргі уақытта Шандор Ковач Венгриядағы Яс-Надькун-Сольнок облысындағы ассамблеяның жетекшісі. Ол Қазақстанмен байланысын үзбеді, қазақ тілінде өте жақсы сөйлейді. Ш.Ковач біздің елімізде жиі қонақта болып тұрады. Невада – Семей антиядролық қозғалысының белсенді мүшесі, жетпіс жастағы дайындық факультетінің қарт студенті, жапониялық Такаго Масахико дайындық факультетін тәмамдағаннан кейін өзінің оқытушысы Г.Мусаеваны Осака қаласында орналасқан Еуразиялық тілдер орталығы мен «Хибакуси» антиядролық қоғамына шақырды. Орталықта доцент Г.Мусаева шетелдіктер дәрісханасында қазақ тілін оқытудағы өз тәжірибесін таныстырды. 2001 жылдың қаңтар айынан бастап шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті халықаралық бағдарлама бойынша жоғары оқу орны арасындағы көне Ханкүк шет тілдер университетімен бай-

ланыс орнатып, корей студенттерін халықаралық студенттер алмастыру бағдарламасы бойынша қабылдай бастады.

Тәуелсіздіктің жаңа ғасыры жаңа дәуірдің лебін ала келді: жаңа заманда маңызды қадам – шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдерін оқыту ісі қолға алынды. 2001 жылдан бәрі факультетте президенттік бағдарламаның арқасында 2000-нан астам шетелдік қазақ жастары білім алып шықты. Атамекеніне оралып, қалаған мамандығы бойынша ана тілінде білім алып, жұмыс істеп жатқан түлектеріміз жылдан-жылға артып келеді. Еліне оралып, еңбегі жанған түлектеріміз де аз емес: талантты жас Қазымұрат ақынымыз, күміс көмейі әнші Үшқын, «Қамшы кз» сайтының жетекшісі Біләл өнер мен шығармашылық саласында еңбек етіп жүрсе, ал Құрмет шетелдік қазақтарды орналастырып, қабылдайтын қалалық миграция департаментінде еңбек етіп жүр.

Қазіргі кезде факультет алдына қойған екі үлкен міндетті: шетел азаматтарына екі категория бойынша білім беру – этникалық қазақтар мен шетелдіктерді оқыту ісін жүзеге асыруда. Сонымен қатар мемлекеттік тілді меңгергісі келетін шетелдіктердің қатары жылдан-жылға артып келеді. Бірнеше жылдан бері жыл сайын ҚазҰУ-ға, біздің факультетке, қазақ тілін оқып-үйренуге келетін шетелдіктердің саны арта түсуде. Қазақстан Республикасындағы экономикалық және саяси тұрақтылық, жергілікті халықтың қонақжайлылық қасиеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығы білім алушыларға білім беру мен елімізде тұру үшін қажетті жағдайлардың бәрін жасап, ұйымдастыра білетін іскерлігі, ең бастысы – шетелдік студенттерді факультетте алатын білім сапасының жоғары деңгейде екені қызықтырады.

Үздіксіз білім беру жүйесі бойынша құрылған ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің инфрақұрылымы ерекше: мектеп – колледж – университет. Факультетте екі кафедрамен қатар, ҚазҰУ-дың колледжі мен «Бейіндік мектеп», «Талапкер», «Кәсіби

бейіндік» және «Зерде» орталықтарының жұмыс істеуі жоғары оқу орнына дейінгі оқыту жүйесінің біртұтас білім беру саласын қалыптастырды. Факультетте, кафедрада осылайша қалыптасқан ынтымақтастық пен сабақтастық тыңдаушыларымызға тиісті дәрежеде білім алуға мүмкіндік береді. Түлектеріміздің қалаған мамандығы бойынша отандық ЖОО-ға түсіп, білім алуы үшін ұстаздар ұжымы аянбай қызмет етуде.

Кафедрада еңбегіміз жемісті болуы үшін «Шебер ұстаз» сыныбы, оқу-әдістемелік, ғылыми семинарлар, пән бірлестіктері тұрақты түрде жұмыс істейді. Бұл іс-шаралар тек оқытушылардың шеберлігін жетілдірумен қатар, тыңдаушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың таланттарын ашуға да бағыттталып жүргізіледі. Біздің студенттер университет іс-шараларына белсенді түрде қатысады. Республика сарайында Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына арналған шарада «Жас қазақ» қойылымын көрсетті. Кезінде ҚХР-дан келген Ұланай атты аруымыз «Ана тілі» аруы атанса, шетелдік бірнеше тыңдаушымыз республикалық «Сөз мерген» лингвистикалық телесайысына қатысып, жүлдегер атанды. Әсіресе соңғы оқу жылдарындағы жетістіктеріміз өте жоғары, 2019/20 оқу жылы талантты, өнерпаз тыңдаушымыз Әсел Шопан отандық екі бірдей өнер сайысының жүлдегері болды.

Жыл сайын тыңдаушыларымыз «Фараби оқулары» халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің дәстүрлі конференциясы аясында өткен байқаудың жеңімпаздары болады. Биыл аталмыш конференцияда алты тыңдаушымыз жүлдегер болды. Республикалық деңгейде өткен онлайн олимпиадалар мен блицтурнирлерге белсене қатысып, 26 тыңдаушымыз жүлделі орындарды иемденді. Кафедра ОПҚ-ы да пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындардан көрініп, біліктілік санаты жоғары мектеп ұстазына лайық екенін танытты.

Университеттің толағай табыстарына өзіндік үлесін қосып жүрген факультетіміздің тарихында ардагер ұстаздарымыздың алатын орны ерекше. Өмірден өтсе де, артына жарқын із қалдырған профессор Т.Қаратаев «Еңбек ардагері», «Жеңістің 60 жылдығы», «Жеңістің 65 жылдығы», «Батыр шапағаты Бауыржан Момышұлы», «Әлия Молдағұлова», «Астанаға – 10 жыл», «Ғылым мен білімге қосқан үлесі үшін» (Еуразия университеті), «Жоғары мектептегі үздік еңбегі үшін» (1984 ж.), «Қазақстан білімінің құрметті қызметкері» медалі, төсбелгілерімен марапатталған. Өзі туған ауданының (Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы) құрметті азаматы атанған. Диссертациялық кеңеске мүше болған. Т.Қаратаевтың жетекшілігімен бірнеше кандидаттық және магистрлік диссертациялар қорғалған. Көп жылдар бойы Қазақ радиосы мен телевизиясында халықаралық хабарлар жүргізген. Жиырмадан астам кітап-кітапшалардың, 200-ге жуық мақаланың авторы. «Жүз жылдың ақ-қарасы», «Тарихтағы аттас тұлғалар» атты оқу құралдары жарық көрген.

Біз, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздары, өз тарапымыздан білім алып жатқан жастардың келешекте Қазақстанның тең құқылы мақтан тұтар азаматы болуына бар күш-жігерімізді саламыз.

**Дайындаған
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ**

Последний новатор-романтик

Историю делают люди. И это подтверждает высказывание Уинстона Черчилля: «Я думаю, что история будет благосклонна ко мне, так как я собственноручно собираюсь ее писать». Так люди-легенды пишут свои истории, не боясь трудностей, тем самым оставляя уникальный след в истории человечества. Они – победители! В этом году исполняется 100 лет со дня рождения выдающегося ученого, журналиста, педагога, общественного деятеля Таумана Салыкпаевича Амандосова. Без этого человека нельзя представить многое в казахстанской журналистике. Он стоял у истоков, формировал смелостью своей мысли, неустанным трудом будущее отечественной науки и образования в сфере журналистики.



